

**Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі № А-7/344 "Жарқайың ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № А-2/20 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 ақпанда № 4661 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № А-4/119 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 11.04.2016 № А-4/119 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. РҚАО - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзу басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 02 шілдедегі № А-7/344 " Жарқайың ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы", қаулысына ( Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-12-174 болып тіркелген, аудандық "Целинное знамя" газетінде 2012 жылдың 10 тамызында басылып шықты) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтағы "бір пайыз" сөздері "үш пайыз" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Ә л ж а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа

е н г і з і л е д і .

*Жарқайың ауданының әкімі*

*А.Үйсiмбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК